Дәріс 7

Білім, ғылым, техника және технологиялар

Дәріс мақсаты

Білім, ғылым, техника және технологиялар туралы философиялық ұғымдарды, техниканың мәні мен қоғамдағы рөлін түсіндіру

Дәріс жоспары:

1. Техника ұғымы және қалыптасу тарихы

2. Техника философиясының мәні мен бағыттары

3. Техника феноменіне қатысты негізгі концепциялар



Техника ұғымы



«Техне» ұғымы алғашқы кезеңдерде тек материалдық өндіріс құралы ретінде емес, кеңірек мағынада қолданылды. Грек тілінен аударғанда ол **«өнер»** және **«шеберлік»** ұғымдарын білдіріп, адамның шығармашылық әрекеті мен іскерлігін сипаттады.Қазіргі таңда техника ұғымы қоғамның барлық саласында қолданылатын, адамның табиғи мүшелерінің қызметін атқарып, мүмкіндіктерін толықтыратын сан алуан құралдар жүйесін білдіреді.

Техника философиясының зерттеу обьектісі



Техника философиясының құрылымы мен зерттеу бағыттары екі негізгі бөлімнен тұрады: біріншісі, техника мен болмыстың өзара қатынасын зерттейтін техника онтологиясы болса, екіншісі, техника мен адам арасындағы байланысты қарастыратын техника антропологиясы болып табылады.



Техника философиясының ерекшелігі

01 Техника тарихы мен оның мәдениетпен қарым-қатынасын зерттеу

02 Қазіргі техника мен еңбектің әлеуметтік сипатын сараптау

03 Еңбек ету мен әлеуметтік-саяси белсенділіктің экзистенциялық мәселелерін қарастыру

04 Эпистемология тұрғысынан органикалық және техникалық әлемнің бөлінуін талдау

05 Басқару мәселелері мен техниканың жалпы адамзат құндылықтарымен өзара қарым-қатынасын зерттеу

Техника феномені

Техника феноменін түсіндіру мен зерттеу бағыттарында әртүрлі философтар мен ғалымдар өз заманында әрқилы тұжырымдар мен іргелі теориялар ұсынған. Мысалы, Э. Капп пен Л. Нуаре техниканы биологиялық тұрғыдан түсіндіріп, оны адам ағзасының сыртқы әлемге бағытталған проекциясы ретінде қарастырды. Олардың пікірінше, техникалық құралдар мен жасанды орта адамның табиғи еңбек органдарын көшіру арқылы қалыптасады.



Техника мәні

Бұл көзқарасқа қарама-қарсы позиция ұстанған неотомист философ Ф. Дессауэр биологиялық тұжырыммен келіспей, техника табиғат заңдарына бағынатынын және өз алдына дербес (автономды) мәні бар екенін айтты. Оның пайымынша, техникалық идеялар адам ақылында жайдан-жай пайда болмайды, керісінше олар құдайлық ақыл-ойдың – Жаратушының көрінісі ретінде ақылдың көмегімен ауланады.







Қазіргі қоғамдағы техника

Техника мен технология қоғамның жедел даму факторына айналып, еңбек өнімділігін қарқынды өсірді және коммуникацияны күшейтті, алайда өзгерістердің өте шапшаң жүруі адамның жаңа жағдайларға үлгеріп бейімделе алмауы сияқты күрделі мәселелерді туындатуда



Қорытынды

Қазіргі қоғам өмірін ғылым мен техникасыз елестету мүмкін емес, өйткені техника мен технологиялар адам өмірінің барлық саласын қамтып, еңбек өнімділігін арттырудың басты факторына айналды. Алайда, техниканың дамуы мен өзгеру қарқыны соншалықты жоғары, бүгінгі адам өзгерген жағдайларға толық үлгеріп бейімделе алмай, толассыз жаңа мәселелермен бетпе-бет келіп жатыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Летопись тюркской цивилизации. Том 2. Тюркский мир в XIII–XVII вв 2025. Ұжымдық ғылыми монография · Барнаул: Алтай университетінің баспасы.

2. Ғабитовт.Х. Қазақ философиясының тарихы: оқу құралы. – Алматы., 2022.

3. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж

4. Ғабитов Т. Х. Қазақтану: тарих философиясы Алматы., 2022. 314 бет.

5. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. Философия I, II том. Алматы, 2010

6. Аташ Б.М. Философия, Алматы, 2014

7. Ғабитовт.Х. Философия Алматы,.2022

8. Грядовой Д.И. Философия. М.,2012

9. Лавриненко В. Н. Философия. Учебник для вузов.М.,2012

10. Иманқұл Н. Философия әлемінде: болмысы мен тарихы. Алматы, 2006